

2025-2026 оқу жылындағы іс – шаралар мәліметі, фото суреті және сілтемесі.

Қосағаш жалпы білім беретін мектеп" КММ-де

ҚЗ«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында патриоттық бағыттағы тағылымды іс-шара өтті.

Қосағаш ауылының тумасы Ибракаев Саламбек (1961 -1981) ауған соғысының ардагерін еске алу кеші ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік қасиетті сіңіру, елін қорғаған батырларымыздың ерлігін дәріптеу, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.

Іс-шара барысында ағамызды 1 минуттық үнсіздікпен еске алып, оның жеңгесі Ибракаева Асед апамыз қайынысы Саламбектің өмірбаянын әңгімелеп берді. Оқушылар ержүрек батырларымыздың өмір жолымен танысып, олардың ел үшін жасаған ерліктері туралы мәліметтер айтып, патриоттық өлеңдер оқып, жүрек жарды ойларымен бөлісті.

Іс-шара соңында Ауған соғысы ардагерлерін: Шекара қызметінің Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша "Застава тарландары" Республикалық ардагерлер қоғамдық бірлестігі филиалының төрағасы отставкадағы подполковник Түймебеков Сапарғали Достемірұлы алғыс хатпен марапаттап, сый құрмет көрсетті.

<https://www.facebook.com/share/v/1FgmGPq9sp/?mibextid=wwXlfr>



1 наурыз – Алғыс айту күніне орай мектебімізде тағылымды іс-шара өткізілді.

Бұл мерекелік шараның басты мақсаты – оқушылардың бойына ризашылық, сыйластық, мейірімділік пен адамгершілік қасиеттерін дарыту, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу болды.

Іс-шара барысында оқушылар жүрекжарды алғыстарын білдіріп, ата-аналарына, ұстаздарына және бір-біріне деген шынайы ықыластарын жеткізді. Әсем әндер шырқалып, әсерлі өлеңдер оқылып, жылы лебіздер айтылды. Шара мазмұнды әрі тәрбиелік мәні зор деңгейде ұйымдастырылды.

Алғыс айту – бұл тек сөз ғана емес, ол – адам жүрегіндегі ізгіліктің көрінісі. Осындай тағылымды мерекелер өскелең ұрпақтың рухани дамуына оң ықпал етеді.

Аталған іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан ұйымдастырушыларға, сынып жетекшілеріне және белсенді оқушыларға шынайы алғысымызды білдіреміз. Еңбектеріңіз жемісті болып, мектеп өміріндегі игі бастамаларыңыз жалғасын таба берсін! 🎉 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай мектебімізде тағылымды іс-шара өткізілді.

Бұл мерекелік шараның басты мақсаты – оқушылардың бойына ризашылық, сыйластық, мейірімділік пен адамгершілік қасиеттерін дарыту, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу болды.

<https://www.facebook.com/share/v/1Ax77yEd3M/?mibextid=wwXlfr>



Төлеби ауданы білім бөліміне қарасты «Қосағаш» жалпы білім беретін мектебінде 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Мерекелік кеш барысында мектептің аяулы ұстаздары мен ардақты ата-аналарына құрмет көрсетіліп, сый-сияпаттар табысталды. Сонымен қатар оқушылардың қатысуымен әсем ән мен күмбірлеген күйге, мың бұралған биге толы әсерлі концерттік бағдарлама ұсынылды.

Іс-шараның басты мақсаты – аналар мен ұстаздарға деген құрметті арттыру, олардың қоғамдағы және ұрпақ тәрбиесіндегі өлшеусіз еңбегін дәріптеу болды. Кеш барысында жылы лебіздер мен жүрекжарды құттықтаулар айтылып, мерекелік көңіл күй сыйланды.

Осындай тағылымды шаралар арқылы мектеп ұжымы аналар мен ұстаздардың қадір-қасиетін ұлықтап, олардың еңбегіне шынайы алғыс білдірді.

<https://www.facebook.com/share/r/1Bc3YvVQbx/?mibextid=wwXlfr>



ҚОШ КЕЛДІҢ, ӨЗ-НАУРЫЗ!

Мектебімізде Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне арналған ауқымды іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілді. Аталған мерекелік шараға ауыл тұрғындары мен ауданымыздың құрметті азаматтары арнайы шақырылып, өз қатысуларымен мерекенің мәнін арттырды.

Іс-шара аясында ауыл мешітінде мектеп ұжымы тарапынан арнайы құран бағышталып, құдайы ас берілді. Бұл игі дәстүр ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, рухани сабақтастықты нығайтуға бағытталды.

Сонымен қатар, демеушілер тарапынан мектебімізге жасыл шырша сыйға тартылып, бұл бастама білім ордасының көркеюіне қосылған зор үлес болды.

Мерекелік іс-шара жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өтіп, қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлап, бірлік пен татулықты насихаттауға өз үлесін қосты.

<https://www.facebook.com/share/r/1BKh5Hc17W/?mibextid=wwXlfr>



7 сәуір — World Health Day (Дүниежүзілік денсаулық күні) аясында мектебімізде мұғалімдер мен оқушылар арасында волейболдан тартысты жарыс өтті. 🏐

Аталған іс-шараның басты мақсаты — салауатты өмір салтын насихаттау, спортқа деген қызығушылықты арттыру және ұжымдық бірлікті нығайту болды.

Жарыс барысында қатысушылар жоғары деңгейде ойын көрсетіп, шапшаңдық пен ұйымшылдықтың үлгісін танытты. Әр команда жеңіске деген жігерін көрсетіп, көрермендерге ерекше әсер сыйлады.

🏆 Жарыс қорытындысы бойынша:

🥇 I орын — 8-сынып оқушылары

🥈 II орын — 10–11-сынып оқушылары

🥉 III орын — мектеп мұғалімдері

Осындай спорттық іс-шаралар оқушылардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, ұстаздар мен шәкірттер арасындағы достық қарым-қатынасты арттыра түседі.

<https://www.facebook.com/share/r/1AzHojzthH/?mibextid=wwXlfr>



Бүгін мектебімізде Ғарышкерлер күніне орай ерекше әрі тағылымды кездесу өтті. Оқушылармен кездесуге ұшқыш, отставкадағы подполковник Абдешов Алихан Абдешұлы арнайы келді.

Кездесу барысында Алихан Абдешұлы өзінің өмір жолы, әскери қызметтегі тәжірибесі, ұшқыш мамандығының жауапкершілігі мен маңызы туралы қызықты әңгімелер айтып, оқушылармен ой бөлісті. Батылдық пен отансүйгіштікке толы тағылымды әңгімелері оқушыларға ерекше әсер қалдырды.

Мұндай кездесулер жас ұрпақты елін сүйуге, батыл әрі білімді болуға тәрбиелеп, олардың болашақ мамандық таңдауына үлкен мотивация береді. Оқушылар қонаққа өз сұрақтарын қойып, мазмұнды сұхбатқа куә болды.

Кездесу соңында мектеп ұжымы мен оқушылар атынан құрметті қонаққа алғыс білдіріліп, естелік суретке түсті.

<https://www.facebook.com/share/r/17XmaLueez/>



Төлеби аудандық білім бөліміне қарасты «Қосағаш» жалпы білім беретін мектебінде 7 мамыр Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылғанына 34 жыл, 9 мамыр Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 81 жыл және Кеңес Одағының батыры Сабыр Омарұлы Рақымовтың 124 жыл толуына орай «Ер есімі – ел есінде» атты әскери-патриоттық іс-шара ұйымдастырылып өткізілді.

Аталған әскери-патриоттық іс-шара Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы енгізілуімен басталды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні орындалды. Ұлы Отан соғысында марқұм болған аталарымызды бір минуттық үнсіздікпен еске алып, оларға деген тағзым жасалды. Іс-шараның негізгі мақсаты – жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиетті қалыптастыру, ел қорғау жолындағы жауапкершілікті арттыру, тарихи тұлғалардың ерлігін дәріптеу және ұлттық рухты нығайту болды. Мазмұнды шараға арнайы қонақтар қатысып, оның тәрбиелік мәнін арттыра түсті. Шақырылған қонақтар: әртүрлі саладағы («Ауған», «Тәжік-Ауған», «Таулы-Қарабақ», ГК «Желтоқсан ақиқаты», «Семей сынақ полигоны», «Чернобыль апаты») Түркістан облысы және Шымкент қалалық Республикалық ардагерлер қоғамдық бірлестік филиалдарының төрағалары, Төлеби аудандық білім бөлімінің басшысы Нұрбаева Ш.Т., Төлеби аудандық Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің бастығы подполковник Тоқсейіт М., «Алатау» және «Бірінші мамыр» ауылдық округтеріне қарасты жалпы білім беретін

мектептердің жас сарбаздары, әскери жетекшілері, Кеңес Одағының батыры гвардия генерал-майоры Сабыр Омарұлы Рақымов атындағы Әскери колледжінің директоры полковник Ақшалов М.Е., колледждің жас ұландары, Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Төлеби ауданы бойынша басқармасының «Арнаулы мақсаттағы ұтқыр іс-қимыл тобы». Қонақтар өз сөздерінде Отанға адал қызмет етудің маңыздылығын атап өтіп, Ел қорғаған батырлардың ерлігін ұмытпауға шақырды. Кеңес Одағының батыры гвардия генерал-майоры Сабыр Омарұлы Рақымовтың өмір жолы мен ерлік істері кеңінен насихатталып, оның қайсарлығы мен батылдығы өскелең ұрпаққа үлгі ретінде көрсетілді. Оқушылар батыр рухына тағзым етіп, Ел алдындағы борыштарын абыроймен атқаруға дайын екендіктерін білдірді. Шара барысында оқушылар әскери-патриоттық әндер орындады. Ал Кеңес Одағының батыры гвардия генерал-майоры Сабыр Омарұлы Рақымов атындағы Әскери колледжінің жас ұландары қонақтарға арнап өз өнерлерін көрсетті (қоян-қолтық ұрыстың элементтері, дефиле, С.О. Рақымов туралы өлең шумақтары, патриоттық әндер орындалды). Ал шекарашылар болса қоян-қолтық ұрысының әдіс-тәсілдері мен қызметтік иттің жаттығуын көрсетті. Іс-шара соңында мектеп басшылығы құрметті қонақтарға және белсенділік танытқан жас сарбаздар мен әскери қызметшілерге алғыс айтып, ризашылықтарын білдірді. Мұндай тағылымы мол шаралар алдағы уақытта да жалғасын табатыны айтылды.

Аталған әскери-патриоттық іс-шара жас буынның бойында Тәуелсіз елімізге деген сүйіспеншілікті арттырып, олардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға зор ықпал етті.

<https://www.facebook.com/share/v/1DTrjuz7Tz/?mibextid=wwXifr>

